



Өзім туралы

Дауысты дыбыстар

Сөздік

Оқимыз. Тыңдаймыз. Сөйлейміз

**Аты-жөні, туған жылы, айы,
күні, туған жері, мекен- жайы,
ұлты, оқитын мектебі, сыныбы,
бос уақыты, ермегі**

1-тапсырма.

Сызба бойынша өздерің туралы әңгімелеп айтып беріңдер.

Өзім туралы.

- Менің атым (есімім) ..., тегім
- Мен ... жастамын. Туған жерім -



Дауысты дыбыстар

Қазақ тілінде 12 дауысты дыбыс бар.

Олар: **а, ә, о, ө, ы, і, ұ, ү, е, и, у, э.**

1. Дауысты дыбыстар дауыстан тұрады.
2. Дауыстыларды айтқан кезде ауа кедергісіз шығады.
3. Дауыстылар буын құрайды.
4. Дауыстыларға екпін түседі.
5. Дауыстыларды созып айтуға болады.
6. Қазақ тілінде дауыстылардың дауыссыздарға ықпалы күшті болады.

Дауысты дыбыстар (гласные звуки)

Тілдің қатысына қарай (по участию языка)		Жақтың қатысына қарай (по степени открытия рта)		Еріннің қатысына қарай (по участию губ)	
Жуан – 6 (твердые)	Жіңішке – 7 (мягкие)	Ашық – 6 (широкие)	Қысаң – 6 (узкие)	Еріндік – 5 (губные)	Езулік -7 (негубные)
а, о, ұ, ы, (и),(у)	ә,ө,ү,і, е,(и),(у)	а,ә,о,ө,е,э	ы,і,и,у,ү,ұ	о,ө,ү,ұ,у	а,ә,е,ы,і,и, э

2-тапсырма.

Өзің туралы мәліметті толықтыр. Дауысты дыбыстардың астын сызыңдар.

Менің атым (есімім) - ..., фамилиям -... . Мен ... жастамын. Туған жерім - ... Қазір ... қаласында , ... даңғылында (көшесінде), № ... үйде, ... пәтерде тұрамын. Мен... мектебінде 5-сыныпта оқимын. Сыныпта ... бір партада отырамын. Мен ... пәнін ұнатамын. Менің бос уақыттағы ермегім – ... (қызықты кітап оқу, сурет салу, шахмат ойнау, музыка тыңдау).

3-тапсырма

Деңгейлік тапсырмаларды
орындаңдар.

III деңгей

1. Өздеріңді таныстырыңдар.
2. Мына сөздерді буынға бөліңдер:
ермегім, тегім, уақыт.
3. Сөздіктегі сөздерден дауысты дыбыстарды тауып, түрлерін анықтаңдар.

II деңгей

1. 1-тапсырманы оқып, аударып, толықтырыңдар. Осы үлгі бойынша сұхбат құрастырыңдар.

Мына сөздерге фонетикалық талдау жасаңдар: *атым, ұнатамын, танысу.*

Үлгі: ПӘТЕР – ПӘ-ТЕР – 2 буын бар: ПӘ – ашық буын, ТЕР – бітеу буын

П – дауыссыз, қатаң

Ә – дауысты, жіңішке, ашық, езулік

Т – дауыссыз, қатаң

Е – дауысты, жіңішке, ашық, езулік

Р – дауыссыз, үнді

5 дыбыс, 5 әріп бар

2. Берілген сөздерді буынға бөліп, буынды сипаттап беріңдер.

Сынып, даңғыл, көше.

I деңгей

1. «Танысу» тақырыбына әңгіме құраңдар.
2. Қазақ тілінің фонетикасы мен орыс тілінің фонетикасын салыстырыңдар. Өз ойларыңды жазбаша түрде дәлелдеп жазыңдар.
3. Сөздердің фонетикалық құрылысына мысалдар келтіре отырып, өз ойларыңды айтыңдар.